**«Смарт Білім» ЖОББМГ 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие бойынша атқарылған аналитикалық есебі.**

«Смарт Білім» ЖОББМГ бойынша 2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстірінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты

қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Гимназия бойынша оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының тізбегі жасалынды, сол тізбек негізінде класс жетекшілер өз кластарындағы тіркеуге алынған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының салыстырма талдауы

| Атаулары | 2023-2024 оқу жылы |
|---|---|
| 1. Гимназия бойынша «Тәуекел» топқа тіркелгендер | - |
| 2. Гимназияішілік тіркеуге алынғандар | - |
| 3. Ақтөбе қаласы Сазды ІБ КТИ –дегі тіркеудегілер | - |
| 4. «Сәтсіз отбасы» тіркеуіндегілер | - |
| 5. Қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар | - |

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі жолға қойылды. Соңғы үш жылда қылмыс жасаған оқушылар, сәтсіз отбасылар тіркеуге алынған жоқ.
Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында онкүндік жоспарланып барлық кластар қамтылып шаралар өткізілді. Тәртіпсіздік пен құқық бұзушылыққа «нөлдік төзбеушілік» қағидатын қамтамасыз ету жөнінде 2015 - 2016 жылға арналған ұйымдастырушылық және практикалық іс - шаралар жоспарына сай жұмыстар атқарылды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту; - Қазақстан

мүддесінеқызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшінқызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу; - Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды; - Достарын, сыныптастарынсыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командаменжұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануғақұштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтынұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынасорната білу; - Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығынсақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді; - Қоршаған орта тазалығынсақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

***Негізгі мектеп бітіруші 9 класс оқушыларының еңбекке орналасудағы өткен оқу жылымен салыстырма көрсеткіші.***

| **№** | **көрсеткіштер** | **Саны** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Негізгі мектепті бітірген 9 класс оқушыларының орналасуы | 308 |
| 2 | колледж | 23 |

**Оқушылардың бос уақытының тиімді ұйымдастырылуы.**

Гимназия ауласын көркейту мақсатында мектеп үлескелері кластарға бөлініп берілді. Жетісіне бір рет таза бейсенбі күні өткізіледі.

Оқушылардың бос уақытының тиімді ұйымдастыру мақсатында вокал,домбыра, баскетбол, үрмелі аспап,волейбол,теннис,хореография с жыл бойы жұмыс жасады.

Оқушылардың мектеп үйірме, секцияларына және мектептен тыс мекеме ұйымдарындағы үйірме, секцияларға қатысымының көрсеткіші төмендегідей нәтиже көрсетті.

**Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастырудың салыстырма көрсеткіші**

| **Атаулары** / **Оқу жылдары** | **Оқушылар контингенті** | **Гимназия жанындағы демалыс лагерлері** | | | | **Жалпы қамтылған оқушылар саны** | **%** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ата-аналар есебінен ақылы лагерь** | **%** | **Балалар алаңы** | **%** | | |
| **2023-2024** | **3820** | **150** | | | | **150** | **100** |

***Түлектердің өткен оқу жылымен салыстырма көрсеткіші***

| *№* | *Көрсеткіштер* | *2023-2024* |
|---|---|---|
| *1* | *11 класс бітірген түлектер саны* | *106* |
| | *Жоғарғы оқу орнына түскендер* | |
| | *Колледжге түскендер* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Шетелге оқуға түскендер* | |
| | *Гранттқа оқуға түскендер* | |
| | *Жұмысқа орналасқандар* | |

**Класс жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысы.**

Класс жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілді. Жоспарланған отырыстар уақытылы өткізілді. Жас класс жетекшілерге тәжірибелі ұстаздар қатарынан жетекшілер тағайындалды. Сонымен қатар класс жетекшілерге журнал толтыру және жеке балалармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері бойынша көмек берілді. Әр отырыста класс тәртіптері (сабаққа кешігу, үзіліс кезіндегі оқушылар тәртібі, лас сөздер қолдану т.б.) жайлы мәселелер қаралып, оны жою жолдары туралы ұсыныстар беріліп отырды. Дегенмен класс жетекшілер әдістемелік бірлестік жұмысындағы жас жетекшілермен жұмыс түріне өзгерістер енгізуді қажет етеді.

| **Педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысына қатысты қаралған мәселелер** |
|---|
| **2023-2024** |
| 1. Тәрбие жұмысының жылдық жоспарын бекіту.<br>2. «Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына класс ұжымының ықпалы» |
| 1. Оқушылардың жазғы демалысының ұйымдастырылуы.<br>2. 9-11 класс түлектерінің еңбекке орналасуы.<br>3. Себепсіз сабаққа келмей отырған оқушыларды анықтау.<br>4. Класс жетекшілердің оқушылармен және олардың отбасыларымен байланыс жұмыстарын бақылау.<br>5. Әлеуметтік педагог қызметінің нәтижелілігі.<br>6. Мемлекеттік қосымша бағдарламалардың орындалуы.<br>7. ҚР Мемлекеттік рәміздер туралы Заңы<br>8.Кластардағы құқықтық патриоттық жұмыстардың жүргізілуі.<br>9. Тәрбие жұмысының жылдық есебі. |
| 1.Қосымша бағдарламалардың орындалуы **КБ**<br>2. 5 кластардың тәртіп деңгейін анықтау. **ҒӘК**<br>3. 6-7 кл тәрбие даңгейін анықтау.<br>4. IV тоқсан және жылдық қорытынды бойынша сабаққа қатысым. **КӘБ** |
| 1. 2-11 кл оқушыларының күнделіктерін талап сай ұсталуын бақылау.<br>2. 5-8 кл кл оқушыларының күнделіктерін талап сай ұсталуын бақылау.<br>3.Үйірме жұмыстарының жүргізілуі.<br>4. кешкі рейд жұмыстары |

**Жақсы жақтары:**

- Нормативтік-құқықтық құжаттардың жинақталуы;
- Тәрбие құжаттарының жүйелі жүргізілуі;
- Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының нәтижеге бағыттала жүргізілуі;
- Өзін- өзібасқару жұмысының талапқа сай жүргізілуі;
- Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы шаралардың жоспарлы жүргізілуі;

**Мүмкіндіктері:**

- Өткізілген шаралардың үздігін баспаға ұсыну;

**Әлсіз жақтары:**

- 10 класс оқушыларынан «Экономикалық еркіндік және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбындағы тест жұмыстары уақытылы жүргізілмеуі;
- Зияткерлік тәрбие бағыттағы жұмыстар түрлендіріп, нәтижеге бағыттап жүргізуді қажет етеді.

**Ұсыныстар:**

1. Оқушылардың зияткерлікке тәрбиелеу бағытындағы және ақпараттық мәдениетін жақсарту мақсатындағы жұмыс түрлерін күшейту.
2. Класс жетекшілердің озық іс-тәжірибесін тарату мақсатында әдістемелік құрал дайындап, баспаға ұсыну.
3. Жас класс жетекшілерге әдістемелік көмек жұмыстарын жүйелеу.

**«Өмір қауіпсіздігі» міндетті оқу курсын зерделеу.**

2023-2024 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар, 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды.10-11-сыныптарда 12-16 сағаттан «Алғашқы әскери және техникалық дайындық» пәні аясында оқытылды. "ӨҚН" курсы бойынша оқу бағдарламасына сәйкес курстың әрбір тақырыбын "дүние тану", "дене шынықтыру" және "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндерінің белгілі бір тақырыбына байланыстыру көзделеді, бұл оқу-білім беру курсын зерделеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

ӨҚН-нің рөлі оқушыларды табиғи, әлеуметтік және техногендік сипаттағы қауіпті және төтенше жағдайлардағы негізгі іс-әрекеттерге, химиялық улану, өрт және жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәсілдеріне үйрету болып табылады.

ӨҚН сабақтары адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін сыртқы және ішкі қауіптерден қорғау деңгейін арттыруға, терроризмге қарсы мінез-құлықты қалыптастыруға, қоғамға қарсы мінез-құлықтың алдын алуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ психоактивті заттарға теріс көзқарасты тәрбиелеуге ықпал етеді.Әрбір адам нақты білуі керек жеке қауіпсіздік мәселелері де маңызды. Жеке қауіпсіздік негіздері мен дағдыларын меңгеру оқушыға кез-келген жағдайда өзін сенімді сезінуге, әртүрлі өмірлік жағдайларды шешуде тәуелсіз болуға мүмкіндік береді. Адам өмірі мен денсаулығы ең қымбат құндылық болып табылады және оларды сақтау мәселесі әрқашан өзекті міндет болып табылады және болып қала береді және оны шешуде адамдарды күнделікті өмірде

қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша даярлау маңызды орын алады. ӨҚН элементтері бар сабақтар балаларды қиындыққа тап болмау немесе қиын жағдайдан шығу үшін өзін қалай ұстау керектігі туралы біліммен байытады, төтенше жағдайларда зардап шеккендерге көмек көрсетудің практикалық дағдыларын қалыптастырады, автономды өмір сүру жағдайында бағдарлау және мінез-құлық дағдыларын жетілдіреді – бұл жаңартылған мазмұн тағайындалған оқушының функционалдық сауаттылығын дамытудан басқа ештеңе емес білім беру.

ӨҚН пәні білім алушыларды өмірлік және кәсіби жолды саналы және жауапты таңдауға даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

**Ата-аналармен жұмыс жүргізу мақсатында мектепбімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды.**

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:**

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Ата-ана, мектеп, бала үштік одақты қамтамассыз етуде «Даналық мектебі» өз жұмысын жүргізді.

**«Даналық мектебі»** клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады.

Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

9-10 сыныптар аралығында мектептегі "Жыл оқушысы" байқауы гимназияның 2023-2024оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. "Жыл оқушысы" байқауы жоғары ынталы және дарынды балалармен жұмыс жасау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.
- ғылыми білімнің беделін көтеруге және танымал етуге ықпал ету;
-оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- көшбасшыларды, дарынды және жан-жақты дамыған оқушыларды анықтау;
- жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын арттыру;
- жоғары сынып оқушысының - заманауи астаналық білім беру түлегінің жағымды имиджін қалыптастыру.

**Тәрбие жұмысының тақырыбы:** Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

| **Өткен іс-шараның қысқаша сипаттамасы** | **Әлеуметтік желідегі сілтемесі** |
|---|---|
|   https://www.instagram.com/reel/Cw9UJDpIVwK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Смарт-Білім мектеп-гимназиямызда 9 қыркүйек күні Республикалық «ДЕНЕ СЕРГІТУ-2023» челленнджі жалғасын тапты. Білім ордамыздың мұғалімдері мен оқушыларынан жасақталған құрам баршаға салауатты өмір салтын дәріптеді. |

<table>
<tr>
<td>



https://www.instagram.com/reel/Cw-DD_Asfek/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
</td>
<td>
Ақтөбе қаласы Полиция басқармасының жол инспекторлары 09.09.2023 жылы “Smart Bilim” мектеп-гимназиясы оқушыларына жол қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді.

Іс-шараның мақсаты: оқушыларға жаяу жүргіншілерге арналған жол қауіпсіздігі ережелерін еске салу. Балалар жолдан өтпес бұрын толық қауіпсіздікке көз жеткізулері қажет. Тәуліктің қараңғы уақытында жарық шағылыстыратын элементтері бар киімдерді кию қажет екені ескертілді.

Өз кезегінде жол инспекторлары өз қызметінің ерекшелігін айтып, оқушыларды қызықтырған сұрақтарға жауап берді.
Оқушылардың жол ережесі бойынша сауаттылығын арттыру үшін осы тектес іс-шаралардың маңызы зор.
</td>
</tr>
<tr>
<td>



https://www.instagram.com/reel/CxI8F9wspQ6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
</td>
<td>
Бүгін 13.09.2023 жылы “Smart Bilim” мектеп-гимназиясында “Отбасы күні” мерекесіне орай 4-кластар аралығында “Әкем,Анам және Мен” отбасылық спорттық сайысы өтті.
</td>
</tr>
<tr>
<td>



https://www.instagram.com/p/CxNBmwwsebA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
</td>
<td>
Құрметті, Smart Bilim мектеп гимназиясының оқушылары! Сіздерге мектеп президенті мен мектеп парламентінің жаңа құрамын жасақтау мақсатында сайлау өтетіндігін хабарлаймыз! 15.09.2023 жылы

Егер өзіңізді көрсетілген талаптарға сай келемін деп есептесеңіз және мектеп өміріне белсене араласып, білім аясында одан әрі дамуға жол ашамын десеңіз, біз сізді күтеміз!
</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Мектебімізде 19 қыркүйек күні "Мектеп</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| <br>https://www.instagram.com/p/CxYNc_msT7i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | парламенті" оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының тұжырымдамасы ережесіне сәйкес, мектеп президентін сайлауы өтті. Комиссия мүшелерінің шешімімен:<br>Мектеп президенті- Максимова Радмила<br>I Вице-президент- Андрюхин Олег<br>II Вице-президент- Алишева Зере<br>III Вице-президент- Какимжан Махамбет<br>Білім министрі- Бисенова Алтын<br>Мәдениет министрлері- Қадырова Айзере, Қосымбаева Жұлдызай<br>Шығармашылық министрі- Байдуллина Гүлхан<br>Спорт министрі- Сайлау Динара<br>Экология министрі- Досмұхамбет Нәдірәлі<br>Ақпарат министрі- Төлеуов Дәурен<br>Тәрбие министрі- Зайткерей Інкәр<br>Құқық министрі- Муканбетова Жансая, Жылқыбай Диас |
| <br>https://www.instagram.com/reel/Cxai_w7s_lq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | 20.09.2023 жылы Smart Bilim” мектеп-гимназиясында “Мектеп парламенті” білім алушылардың 2023-2024 оқу жылындағы жоспарына сәйкес “Өзін-өзі басқару” ұйымының отырысы өтті.<br>Отырыста жылдық жоспар талқыланып, оқушылар өз ойларын айтты. Отырыс барысында фракция мүшелері сайланып, алдағы оқу жылында жүргізілетін жұмыстарды жоспарлады.<br><br>Жауапты аға тәлімгерлер: Г.Бегенов, А.Бисенова. |
| https://www.instagram.com/reel/Cxjsq8AIVK4/?utm_source=ig_web_copy_lin | Бүгін, 24.09.2023 жылы «Smart Bilim» мектеп-гимназиясында 2023-2024 оқу жылының алғашқы ата-аналар жиналысы өтті.<br>Жиналыстың мақсаты: Саналы тәрбие, сапалы білім беруде салауатты ұрпақ қалыптастыруда мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігін қалыптастыру.<br>Жиналыс кезінде әр сыныптың сынып жетекші ұстаздары ата-аналарға  әр түрлі ойындар ойнатып, қызықты тренингтер жүргізді. |

| | |
|---|---|
|  k&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | |
| https://www.instagram.com/reel/Cxsi688sKIr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==   | Құрметті, Smart Bilim мектеп-гимназиясының оқушыларының назарына! Алдағы аптаның 27-ші қыркүйегінде 5-11 сыныптар аралығында мектепішілік қайырымдылық жәрмеңкесі өтеді. Осы орайда барлықтарыңызды жәрмеңкеге ат салысуға шақырамыз. Жәрмеңкеге оқушылар өзінің қол өнер бұйымдарын, тағам түрлерін ұсына алады.Жиналған қаражат көлемі қайырымдылық қорына ұсынылады.<br>Дорогие ученики школы-гимназии Smart Bilim ! На следующей неделе, 27 сентября, пройдет внутришкольная благотворительная ярмарка для 5-11 классов. В связи с этим приглашаем всех вас принять участие в ярмарке. Учащиеся смогут предложить на ярмарку свои ручные поделки и выпечки (булочки, блины, рогалики и и т.д) Собранные средства будут переданы в благотворительный фонд.<br>27 қыркүйек күні Смарт-Білім мектеп-гимназиясында аға тәлімгерлер мен мекетеп парламентінің бірлесуімен «Мейірімділік жүректен» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Жиналған қаражат көлемі мүмкіндігі шектеулі отбасыларға жұмсалады. Жақсылық жасауға жарысып, үлесін қосқан мектебіміздің ұстаздары мен оқушыларына алғыс білдіреміз. |

| | |
|---|---|
| <br><br>https://www.instagram.com/reel/Cx5bdJXsa15/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Бүгін “Smart Bilim” мектеп-гимназиясының аға тәлімгерлері және мектеп парламенті мүшелері бірлесіп 27-ші қыркүйек күні өткізілген қайырымдылық жәрмеңкесінен жинақталған қаражатты игеру мақсатында Қарттар үйіне барды.<br>“Қарттарын ардақтаған ел қадірлі”,-дегендей үлкендерге арнайы ұйымдастырылған концерттік бағдарлама қойылды, сондай- ақ мерекелік дәм сыйға тартылып, еңбек терапиясына қажетті барлық құралдары сатып алынды. Ата-әжелеріміз жақсы көңіл-күйде қалып, ақ батасын жаудырды. Алдағы уақытта осы қайырымдылық іс-шарасы негізінде балалар үйіне бару жоспарлануда. |
| <br><br>https://www.instagram.com/reel/Cx6-BsOo5Rh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Смарт-Білім мектеп-гимназиясында 03.10.2023 жылы  Қожа Ахмет Яссауи дің 930-жылдығы жылдығы аясында ұйымдастырылған «Яссауидің қазақ тарихындағы орны» атты кездесуі өтті. Оқушыларға Қожа Ахмет Яссауи туралы деректер көрсетіліпғ шығармалары туралы мағлұмат берілді. |

| | |
|---|---|
|  https://www.instagram.com/reel/CyBskg-sx7u/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Бүгін “Smart Bilim” мектеп-гимназиясында Әдістемелік бірлестіктер арасында 5-қазан- Ұстаздар күніне арналған ұстаздар арасында «Көңілді эстафета» жарысы өтті.<br><br>Мақсаты:<br><br>Ұстаздарды спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жақсарту, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Жарыс барысында I орын - қазақ тілі және әдебиеті пәні бірлестігі (қазақ тобы) , II орын - бастауыш бірлестігі (қазақ тобы), III орын -бастауыш бірлестігі (Орыс тобы) иеленді. Барлық жеңімпаздарымызды құттықтаймыз! |
|  https://www.instagram.com/reel/CyA1VnZNH7H/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Мектебіміздегеі 11 сынып оқушыларының ұстаздар күніне арналған құттытау тілектері. «Мұғалім – бұл адамның ардақты аты» Мектебіміздің құрметті де аяулы ұстаздары, сіздерге атқарған ерен еңбектеріңіз үшіе үлкен алғысымызды білдіріп, келіп жеткен төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! |
|  https://www.instagram.com/reel/CyG2Slks0-v/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | «SMART-BILIM» мектеп-гимназиясында қазан айының алтыншы (06.10) жұлдызында жас мамандардың ұйымдастыруымен ұстаздар күніне орай мерекелік іс-шара өткізілді |
| https://www.instagram.com/reel/CyIpyUeNeVa/?utm_source=ig_web_copy_li | Ұстаздар күніне орай, мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы мен жоғары сынып оқушылары мұғалімдер құрметіне «Ұстаздарым, думан |

| | |
|---|---|
| nk&igsh=MzRlODBiNWFlZA==   | болсын әр күнің!» атты мерекеліск шарасы өткізілді. |
|  https://www.instagram.com/reel/CyN4Kn3NY5h/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Мектебімізде ұстаздар күніне арналған мерекелік шаралардан соң өзін-өзі басқару күніне белсене қатысқан оқушыларды марапаттау шарасы өтті. "Ұстаз - ұлы тұлға" демекші, ұстаздардың елеулі еңбегеінің қаншалықты ауыр екендігін, оқушылар өзін-өзі басқару күнінде ұғынып, аңғара алды. ең белсенді қатысып, өз міндетін толықтай атқарған оқушылар мен пароламент мүшелері мектеп атынан мақтау қағаздарына ие болды. |
|   https://www.instagram.com/reel/CyQ7fzXMerb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Қазан айының 11 жұлдызында мектеп оқушыларына жолда жүру ережелері арнайы органдардан мамандардың келуімен түсіндірілді |

| | |
|---|---|
| <br>https://www.instagram.com/reel/CyoADWbMkr-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Мектебімізде 20 қазан күні «Күз кереметтері» тақырыбында 1-4 сыныптар аралығында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрме мәресіне жете үздік суретшілер мен үздік кластар анықталды. |
| https://www.instagram.com/reel/CyTn_<br><br>TGsEE7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | АЛҒАШ РЕТ "SMART BILIM" мектеп-гимназиясында БІРЕГЕЙ ИНТЕРАКТИВТІ<br>ШОУ "ИГРА2. Исходный код"<br>Біздің шоуда сізді күтеді!<br>Анимендер, Чистильщик, Леди, Арчи, Избранный,<br>Кибер Самурай және оның Ниндзялары сізді виртуалды театр әлемінде қарсы алады!<br>Билет құнына:<br>75 минуттық керемет интерактивті көрініс; көптеген қызықты ойындар; шоу серіктестерінің жүлделер ұтысына қатысу;әрбір жас көрерменге сыйлық; шоу кейіпкерлерімен тегін фотосессия.<br>Одан да көп лазер сәулелері, неон сызықтары, пиксель жарқылдары және ұшатын жарқыраған шарлары бар әлемдегі жарқын оқиғалардың бір бөлігі болыңыз! |
|  | «ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты оқушылар мен студенттерге және жас ғалымдар мен жас зерттеушілерге арналған XII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жеңімпаздарын марапаттау. |
| https://www.instagram.com/reel/CyyPXJWs-BO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | 25-қазан Республика күні. Мерекеге орай мектебіміздің жас өрендері арнайы мерекемен құттықтауы! |

| | |
|---|---|
|  | |
| <br>https://www.instagram.com/reel/Cy0fHf7MITw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Республика күніне орай Смарт-Білім мектеп-гимназиясында аға тәлімгерлер және мектеп парламентінің бастауымен мұғалімдерге және оқушыларға сұрақ-жауап шарасы ұйымдастырылды. Бұл арқылы еліміздің тарихы мен қазіргі тәуелсіз Қазақстанға дейінгі атаулы күндер мен сәттер еске түсірілді. Болашағы зор жас буынға дұрыс бағдар беру біздің міндетіміз! Ал, өткенін білетін әр азамат ертеңіміздің жарығы! |
| https://www.instagram.com/reel/Cy5sFf<br><br>gs_vR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Мектебімізде «Сиқырлы күз» атты табиғи материалдардан жасалған қолөнер көрмесі өтті. Бастауыш сыныптар арасында өткізілген шара табиғатпен танысу, қоршаған орта туралы білімдерін жинақтау, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, сонымен қатар ата-аналарды мектептің тәрбие үрдісіне тарту мақсатында өткізілді. |

| | |
|---|---|
| . <br>https://www.instagram.com/reel/Cy75C4OsQjr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Мектебімізде бастауыш сыныптар арасында «Күзгі сән әлемінде» атты күзгі балл байқауы өтті.<br>Сайысқа әр әр сыныптардан 2 жұп қатысты. Сайыс 3 турдан тұрды. 1 тур – таныстыру, 2 тур – еркін тақырыпта өз өнерін көрсету. 3 тур – жапырақтан жасалған қол өнері, 4 тур – сән үлгісі. Сайыс барысында тамаша дайындығымен, әсерлі өнерімен, ғажап шеберлігі мен топ жарып, оқ бойы озып шыққан топтар жүлделі орындарға ие болды |
| <br>https://www.instagram.com/reel/CysmfX1sW5X/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Смарт-Білім мектеп-гимназиясында «Алтын күз» байқау өтті. Байқауға мкектебіміздің 8-сынып тілім алушылары қатысып, дарынды жас өнерпаздарымыз бүкіл әлемнің түрлі-түске боялған күз мезгілінің ерекше сұлулығын суреттеген, түрлі қолөнер жұмыстарынан көрме жасап, «Талайды тамсантқан – сән әлемі» сән үлгілерінен дефиле көрсетті.<br>Оқушылардың өз фантазияларынан жасалған жаңа туындылары сәтті болып, әділқазылар алқасы өз әділ бағасын берді! «Алтын күз» мерекелік байқауына тән барлық талаптар толығымен орындалып, мектебіміздің «Ханзадасы мен Ханшайымы» анықталды.<br>Жүлделі орынға 8 «е» сыныбын құттықтаймыз! |
| <br>https://www.instagram.com/reel/Cy8VdqSMJJ_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | «Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан – алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап» дей отыра бүгін “Smart-Bilim”мектеп гимназиясында “Алтын күз” байқауы өтті.<br>Байқауға мектебіміздің 10-11 сынып білім алушылары қатысып, дарынды жас өнерпаздарымыз бүкіл әлемнің түрлі түске боялған, күз мезгілінің ерекше сұлулығын суреттеген түрлі қолөнер жұмыстарынан көрме жасап, «Талайды тамсантқан - сән әлемі» сән үлгілерінен дефиле көрсетті. Оқушылардың өз фантазиясынан жасалған жаңа туындылары сәтті болып, әділқазылар алқасы өз әділ бағасын берді! «Алтын күз» мерекелік байқауына тән барлық талаптар толығымен орындалып, мектебіміздің "Ханзадасы мен Ханшайымы" анықталды. |

| | |
|---|---|
| | Жүлделі орынға иеленген 10”В” қазақ сыныбын және 11 “А” қазақ сыныбын құттықтаймыз! Қуанышты сәттеріміз көп болсын! |
|  | Smart Bilim мектеп- гимназиясының оқушыларының назарына!🎄✨<br>Жаңа жылдық көңіл-күйді жандандыра отырып, 5-8 сыныптар аралығында “ Ең үздік безендірілген сынып" атты байқау өтетіндігін хабарлаймыз!🎄❤️<br>Безендірілген сыныптың суретін төменде көрсетілген нөмірге жіберулеріңіз сұралады: 8(702-031-47-06) |
| <br>https://www.instagram.com/p/C1RgBP6IX3d/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Құрметті оқушылар! Келіп жеткен жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймыз✨🎄<br>Мерекеге орай 26-27 желтоқсан күндері бір-бірімізге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында, түрлі-түсті жаңа-жылдық бас киімдер киіп келулеріңіз сұралады! Белсенділік танытайық!🥰 |
| https://www.instagram.com/reel/Czt2JT5oUY2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Смарт-Білім ЖОББ МГ дағы 3 кластармен өткізілген «Көңілді қоңырау» атты үзіліс арасындағы уақытты тиімді пайдалануға арналған «ИНСТА ӘЛЕМ» шарасы өткізілді. |

| | |
|---|---|
|    | |
|  https://www.instagram.com/p/CzeG8mksRWE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Мектеп оқушылар арасында өткізілген «MY ONE DAY» менің бір күндік өмірім атты оқушылардың бір күндік өмірлерін бейнеролик арқылы көрсету болды. Нәтижесінде белсенділік танытқан олқушыларды марапаттап, сыйлықтар табыстау сәті… |
|  https://www.instagram.com/reel/C04dY-FonyY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Ханның да, қараның да рухани өзегі - тәуелсіздік. Өзегінен айырылған ел өледі демекші, бүгін 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай біздің "Smart Bilim" мектеп гимназиясының парламент ұйымы, өз еліміз Қазақстан туралы, қазақ деп соққан нағыз патриот жандарға қаламыздың сауда орталықтарын аралап, сұрақтар қойған болатын. |

| | |
|---|---|
|      https://www.instagram.com/reel/CzymKxIsDb3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== | Мектебімізде кешенді жоспар бойынша аға тәлімгерлердің ұйымдастырумен «Балалар ұйымдары - баланы тәрбиелеудегі ең жақсы жол» тақырыбында 9-сынып оқушыларына дөңгелек үстел өтті. Түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушыларға ситуациялық жағдаяттар берілді. Сонымен қатар оқушылар бала тәрбиесі аясында дәйек сөз, мақал-мәтелдердің мағынасына қарай суреттер салды. Қоғамда бала тәрбиесі айрықша рөлге ие екендігі түсіндіру жұмыстарымен баяндалды. |
|   | 2023-2024 оқу жылында өткен 5-9 сыныптар араолылығында өткізілген мектепшілік «My one day» менің бір күндік өмірім атты бейнеролик байқауының жеңімпаздары |

| | |
|---|---|
| <br>[https://www.instagram.com/p/CzeG8mksRWE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/CzeG8mksRWE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==) | |
|  | «Баршаның назарына» оқу- жаттығу өткізу алдына «АҚ - штабының» жұмыс жоспары құрылып, оқушылармен,<br>мұғалімдермен арнайы тапсыру жұмыстары жүргізілді.<br>а) мектептен оқушыларды қауіпсіздік алаңына шығару тәсілдерін<br>үйрету жұмыстары жүргізілді.<br>б) қауіпсіздік алаңына шыққан оқушыларды түгендеу<br>в) мектеп ғимараттарын тексеру<br>г) өрт сөндіру құралдарын пайдалану;<br>д) жеке қорғаныш құралдарын қолдану;<br><br>«Смарт-Білім»ЖОББМГ «Баршаның назарына дабылы» оқу-жаттығуы өткізілді.<br>5 минут шығып үлгерді.Оқушылар қосымша есік арқылы сыртқа шықты.<br>«Баршаның назарына дабылы» оқу-жаттығуда болған ескертпелер:<br>1.Оқушылар, мұғалімдер жұмысшылар сыртқы киімдерін кимей шықты<br>2.Оқушылар оқу сөмкелерін өздерімен алмай шығыпты |


2. Қауіпсіз орын табу


1. Ашық алаңға шығу


Жер сілкінісі кезінде
не істеу керек
он төртінші фильм



















[https://www.instagram.com/beriikovaaa?igsh=NG56dmFjeTU4aWN1](https://www.instagram.com/beriikovaaa?igsh=NG56dmFjeTU4aWN1)

| | |
|---|---|
|   [https://www.instagram.com/reel/C2wPgT8oBgf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/C2wPgT8oBgf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==) | Смарт Білім мектебінде 22-27 желтоқсан айының аралығында қосымша білім беру апталығы негізінде ашық сабақтар ұйымдастырылды. |
